

Сыр өнірінде кенелердін жвкпалылык денгейі арткан. Сонын салдарынан конго-қырым геморрагиялык кызбасына шалдыккан түргыннын жагдайы калыпты деп хабарлады облыстык тауарлар мен көрсетілетін кызметтердін сапасы мен кауіпсіздігін бакылау департаменті басшысынын орынбасары Әлия Әбдікайымова.

Онірлік коммуникациялар кызметінде откен брифингте Ө.Мүтәліпқызынын айтуынша, 3 наукас ауруханага жаткызылган. Олар Шиелі ауданынын Досбол би елді мекенінде түрады. Түргындардын екеуін егістікте, біреуін мал жайылымында кене шаккан. Бұл үш жагдай маусымнын 13-і, 16-сы және 19-ы күндері тіркелген.

- Кене шагу жагдайымен кеше бір наукас тіркелді. Бірақ жагдайы жаксы. Оган конго-қырым геморрагиялык кызбасынын болжамды жагдайы деген диагноз койылды. Бүгінгі күні бакылауга алынып, медициналык ем тагайындалып жатыр. Жалпы, онірде кенемен күрес шаралары коктем мезгілінде белгіленген жоспарга сай аткарылган болатын, - деді Әлия Мүтәліпқызы.

Мамандар аталмыш ауданда кене шагу откен жылмен салыстырганда кобейгенін айтады. Былтыр 45 дерек тіркелсе, биыл онын саны 70-ке жеткен. Аталган індет мамыр, маусым және шілде айларында оршиді.

- Казір халык бұл кауіпті дерттен хабардар. Кене шаксын-шакпасын, адамдар арнайы орындарган барып, каралады. Жылдагы залалсыздандыру жұмысы да септігін тигізуде. Шынын айту керек, кенені түбегейлі жоя алмаймыз. Біз колдан келгеннін бәрін жасап отырмыз,-деді Шиелі аудандык ветеринария болімінін басшысы Жүпарбек Әбен.

Айта кетейік, облыста конго-қырым кызбасынын коздыргыштары болып табылатын колайсыз аймак ретінде 123 елді мекен аныкталган. Осыган орай облыстык бюджеттен 214,0 миллион тенге каржы болінген. Аталган елді мекендерде 488 070 мал басына (ірі кара 169 104, бас уак мал 300 458, түйе 17 699, шошка 812) және колемі 2 042 998 шаршы метр 32 512 кора мен аумагы 680 048 шаршы метр 1192 суат пен шанлакка залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Сондай-ак косымша Арал ауданында - 3, Казалыда - 2, Жалагашта - 1, Шиелі ауданында 4 елді мекенге 205 457 шаршы метр 1405 кора мен суат, шанлак залалсыздандыру жұмыстарымен камтылган.

Куттыбике □ Нұрғабыл